

"Қазақстан Республикасында жер асты суларының ластанған телімдерінің Мемлекеттік кадастрын жүргізу Нұсқаулығын" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Энергетика және Минералдық ресурстар Министрлігі Геология және Қойнауын қорғау комитетінің 2004 жылғы 9 ақпандағы N 21-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 1 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2726. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2009 жылдың 19 маусымдағы N 46-п бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2009.06.19 N 46-п бұйрығымен.

Жер қойнауын геологиялық зерттеуді, жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау және жер асты суларын оңтайлы және жан-жақты пайдалануды, республикалық және аймақтық бағдарламаларды жасауды қамтамасыз ету мақсатында

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасында жер асты суларын ластандыратын телімдердің мемлекеттік кадастрін жүргізу Нұсқаулығы бекітілсін.

2. Республикалық геологиялық ақпараттар орталығы "Қазгеоақпарат" Қазақстан Республикасында жер асты суларын ластандыратын телімдердің "Р" үлгідегі Паспорттарын жинауды, есепке алуды, тіркеуді және сақтауды қамтамасыз етсін.

3. Жер қойнауын қорғау және пайдаланудың аймақтық басқармалары "Р" үлгідегі Паспорттардың жер қойнауын пайдаланушылардан мерзімінде түсуіне, паспорттық мәліметтердің толықтығы мен сенімділігіне, олардың осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестігіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау РҒАО "Қазгеоақпарат" бастығы С. А. Ақылбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен енгізіледі.

Төраға

"Жер асты суларының ластанған телімдерінің Мемлекеттік кадастрын жүргізуге нұсқаулық"

Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігінің
Геология және жер қойнауын
қорғау комитетінің Төрағасының
2004 жылғы 9 ақпандағы
N 21 - п бұйрығымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасында
жер асты суларының ластанған
телімдерінің Мемлекеттік
кадастрын жүргізуге
Нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Президентінің Заң күші бар " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Жарлығына , Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына , "Қазақстан Республикасының Су кодексіне ", Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1996 жылдың 16 тамыздағы N 1022 қаулысымен бекітілген "Пайдалы қазбалардың кен орындары мен кен білінімдерінің және техногендік минералдық түзілімдердің Мемлекеттік кадастрларын жасау тәртібінің ережелері"; 1997 жылғы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Басқы Мемлекеттік Санитарлық дәрігермен бекітілген N 11 (СЕН) - 3.01.067-97 "Ауыз сулар. Орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйелерінің суларының сапасына гигиеналық талаптар. Сапаны қадағалау" санитарлық ережелері мен нормаларының талаптарына сәйкес жасалған.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) сулар - су объектісінде жиынтықталған барлық сулар;
- 2) ластану облысының шегі - жер асты суларының жалпы минералдануы литріне 1 грамм (әрі қарай - 1 г/л) мөлшерінде немесе осы жағдайда ластандыру компонентінің ең жоғарғы деңгейде шоғырлану мүмкіндігі;
- 3) ластандырғыш заттар - судың сапасының нормасын бұзатын заттар (адамдар денсаулығына немесе қоршаған ортаға залал келтіретін);
- 4) жер асты суларының ластануы - табиғи ахуалымен салыстырғанда шаруашылықтық әрекеттерге байланысты физикалық, химиялық және

биологиялық қасиеттердің өзгеруі, соның әсерінде сулар коммуналдық, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылықтық, балық шаруашылықтық тағы да басқа мақсаттарға қалыпты жағдайда пайдалануға ішінара, немесе толық жарамсыз болады ;

5) аэрация зонасы - ыза су мен және оның табанындағы су тұтқыш қабатының арасындағы, қаныққан тау жыныстарының зонасынан жоғары орналасқан сулар;

6) санитарлық қорғау зонасы - сумен қамтамасыз ететін көздердің және суқұбыры құрылғыларының маңайында су көздерін (ашық және жер асты), суқұбырлық құрылғыларды және оларды қоршаған аумақты судың сапасын төмендеуден сақтау мақсатында арнайы бөлінетін аумақ;

7) жер асты суларының ластану қарқыны - жалпы минералдануы 1 г/л мөлшерімен шектелген аумақ ішіндегі ластану облысының орташа минералдану мөлшерімен және пішін ішінде шоғырланудың шектік мөлшері (әрі қарай - ШШМ) көрсеткіші бойынша жеке компоненттердің орташа шоғырлану мөлшерімен анықталады ;

8) жер асты суларын ластандыру көздері - жер асты суларына әртүрлі зиянды заттарды, микроорганизмдерді, немесе жылуды әкелетін көздер. Ластану табиғи себептерге (табиғи ластану), сонымен қатар адамдардың әрекеттері әсерінде (антропогендік немесе техногендік ластану) пайда болады;

9) ластандырғыш заттардың шоғырлануы - жер асты суларындағы ластандырғыш заттардың сандық мөлшері;

10) ластандырғыш заттардың қауіптілік кластары - ауыз суларды ластандыратын химиялық қосылымдардың олардың улылығына, кумулятивтігіне , ұзақ мерзімдік әсер тудыруына байланысты адамдарға қауіптілігінің көрсеткіштерін шектеудің әртүрлі дәрежесінің көрсеткіші;

11) ластандыру көздерінің масштабы - жер асты суларының ластануының тереңдігі, ұзындығы және кеңдігімен бағаланатын аудан;

12) жер қойнауын пайдаланушы - жер қойнауын пайдалану Операцияларын жүргізуге құқықты заңды және жеке тұлғаларды білдіреді;

13) ластандыру көздері - техногендік ластандыру көздерінің әсерінде пайда болған жер бетінен төмен орналасқан бірінші сулы деңгейде (немесе басқа) зиянды заттардың таралу ореолы ;

14) ШШМ - суды пайдаланудың гигиеналық жағдайларын нашарлатпайтын және адамдардың денсаулығына тікелей, немесе жанама (организмге өмірінің барлық мерзіміндегі әсері жағдайында) кері әсерін тигізбейтін ең жоғарғы шоғырлану мөлшері ;

15) жер беті сулары - жер бетінде тұрақты немесе уақытша орналасқан табиғи сулардың және су объектілерінің кез-келген ахуалындағы түрлері;

16) жер асты сулары - жер қыртысының тау жыныстары қабаттарында

орналасқан кез-келген физикалық ахуалдағы сулар;

17) ауыз сулық жер асты сулары - табиғи жағдайларда өзінің сапасымен, немесе өңдеуден кейін адамдардың ауыз сулық және тұрмыстық қажеттігінің, немесе тамақ өнімдерін өндірудің нормативтік талаптарына сәйкес жер асты сулары ;

18) ластану алқаптарының ауданы - кейбір компоненттердің жалпы минералдануы 1 г/л мөлшерінде шектелген аудан;

19) өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жер бетіндегі қоймалары - шлам жинақтары, табиғи және жасанды жинақтау бассейндері, өнеркәсіптік және тұрмыстық ағын суларды буландырғыштар, қалдық жинақтағыштар, тұз жинақтары, күл тастандылары, қоқыстардың үлкен тастандылары;

20) сіңу алаңдары - табиғи тазалану үшін ағын суларды ағызатын алаңдар;

21) ағын сулар - пайдаланылған немесе ластанған аумақтардан ағып келген, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жер бетіне ағызылатын сулар;

22) ластану шегінің жылжу жылдамдығы - қабаттағы ластанған сулардың жылжу жылдамдығы (жалпы минералдануы 1 г/л, немесе жеке компоненттердің ШШМ-ның шектерінің кесімді мерзімде нақты жылжыуымен бағаланады);

23) жер асты суларының ластану телімдері - ластану көздері айқындалған аумақ.

2. Қазақстан Республикасының жер асты суларының ластану телімдерінің Мемлекеттік кадастры жүйеленген, жер асты суларының әрбір ластану телімдерінің паспорты ретінде рәсімделетін және әр мерзімде толықтырылып және нақтыланып отырылатын қысқаша мәліметтер жиынтығы.

3. Қазақстан Республикасының жер асты суларының ластану телімдерінің Мемлекеттік кадастры жер қойнауының ахуалын есепке алу жүйесінің Мемлекеттік қорының негізгі бөлігі болып табылады және жер қойнауын геологиялық зерттеуді, жер қойнауын, қоршаған ортаны қорғауды және жер асты суларын оңтайлы және кешенді пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған республикалық және аймақтық бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында бірыңғай жүйеде жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының жер асты суларының ластану телімдерінің Мемлекеттік кадастры Қазақстанның ластанған жер асты сулары деңгейлерінің әрбір телімдері, аэрация зонасы, төсеніш жыныстары, жер асты суларын ластандыратын негізгі заттар, олардың шоғырлануы, ластану қарқыны, жылжу процесі, ластану көздерінің өлшемдері жөнінде мәліметтерден құралады және жер қойнауын қорғау саласында шешімдер қабылдау мақсатында жедел ақпараттар алу үшін негізгі құжат болып табылады.

5. Облыстық жер қойнауын қорғау және пайдалану инспекцияларында жер асты суларын нақты және мүмкін ластандыратын және режимдік бақылаулар жүргізетін жер қойнауын пайдаланушылар, олардың меншік тұлғасынан және ведомстволық тәндігінен тәуелсіз Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетіне Қазақстан Республикасының жер асты суларының ластану телімдерінің Мемлекеттік кадастрларының паспорттарын жыл сайын тапсыруға міндетті.

6. Қазақстанның жер асты суларының ластанған телімдерінің Паспорттары "Р" тұлғалы (1-қосымша) арнайы бланктерде осы Нұсқаулықтың талаптарына қатаң сәйкестікте жасалады.

7. Қазақстан Республикасының жер асты суларының ластану телімдерінің Мемлекеттік кадастрының паспорттарын есепке алу объектілерінің паспорттарын жасауға ақпараттар көзі болып айқындалған ластану көздерін режимдік бақылау, сонымен қатар қоршаған ортаға ластандырғыш заттарды тастайтын кәсіпорындарды зертеу және тіркеуге алу мәліметтері табылады.

2. Есепке алу объектілері

8. Қазақстан Республикасының жер асты суларының ластану телімдерінің паспорттарын есепке алуға, паспортты жасаған мерзімде режимдік бақылау жүргізілетін жер асты суларының ластанған телімдері, сонымен қоса жер қойнауын пайдаланудың және қорғаудың облыстық инспекцияларымен айқындалған және тіркеуге алынған жер асты суларының ластану көздерінің барлығы, оларда режимдік бақылау ұйымдастырылған мерзімнен бастап жатады.

3. Паспорттарды рәсімдеу және бекіту

9. Паспорттар жыл сайын ағымды жылдың 1 қаңтарындағы ахуалға жасалады да, Комитетке ағымды жылдың 15 сәуіріне дейін тапсырылады.

10. Паспорттар үш данада жасалады: екі данасы комитет органдары үшін, үшіншісі - жер қойнауын пайдаланушыға.

11. Паспорт жасаған, тексерген адамдардың қолымен расталады да жер қойнауын пайдаланушымен бекітіледі.

Паспортты бекіткен адамның қолы әр данада мөрмен расталады.

12. Паспорттар Комитетпен қабылданып тіркеледі, кейін Республикалық геологиялық ақпараттар орталығы "Қазгеоақпарат"-пен есепке алынады және сақталады.

13. Осы Нұсқаулықтың талаптарынан ауытқып жасалған паспорттар есепке және сақтауға қабылданбайды.

14. "Р" тұлғалы паспорттың кестесін және бағандарын толтыру "Қазақстан Республикасында жер асты суларының ластанған телімдерінің Мемлекеттік кадастрының паспорттарын жасауға басшылықта" көрсетілген (2-қосымша).

Қазақстан Республикасында жер асты суларының ластанған телімдерінің Мемлекеттік кадастрын жүргізу Нұсқаулығына" Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің Төрағасының 2004 жылғы 9 ақпандағы N 21-п бұйрығымен бекітілген 1-қосымша

**Қазақстан Республикасының
жер асты суларының ластану телімдерінің
Мемлекеттік кадастры**

N _____ данасы **Р**

ПАСПОРТ

N _____
"ГАРО" _____

Есепке алу объектісі _____

Ластандыру көздері _____

Жасады	_____	_____	_____
	Аты-жөні, лауазымы	қолы	күні
Тексерді	_____	_____	_____
	Аты-жөні, лауазымы	қолы	күні
Бекітті	_____	_____	_____
	Аты-жөні, лауазымы	қолы	күні

Ұйым _____

М.О.

Паспортты қабылдау

"ГАРО"	Аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
--------	----------	----------	------	------

01. Жер асты суларының ластану телімдерінің сызбасы, масштабы
 02. Есепке алу объектісі

Телімнің атауы	Ведомстволық тәуелділігі	Құрылған жылы	Қалдықты ағызатын кәсіпорындар	Жылдық қалдық мөлшері, млн. т. сұйық / қатты
1	2	3	4	5

03. Әкімшілдік бөлуге қатысты

Облыс	Аудан	Қала, ауыл	Объект ауданы жөнінде басқа да мәліметтер
1	2	3	4

04. Телімнің ортасының географиялық координаттары, жер бедері, абсолюттік деңгейі

Солтүстік ендік			Шығыс бойлық			Жер бедері	Абсолюттік деңгей, м	
град. мин. сек.			град. мин. сек.			бастап	дейін	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

5 жол

05. Ластандыру көздері, ластандыру түйіндерінің ауқымы

Ластандыру көзі	Құрылғылар	Ластандыру түйіндерінің ауқымы, м	Ластану ауданы,	Режимдік жүйедегі бақылау ұңғылары,	Ластанған сулы қабаттың мерзімдік
-----------------	------------	-----------------------------------	-----------------	-------------------------------------	-----------------------------------

		ұзын. ені терең. ш. км		ның		деңгейі	
		дығы	дігі			саны	
1	2	3	4	5	6	7	8

15 жол

06. Ластанатын сулы қабаттардың сипаттамалары

Түзі. Геоло. Лито. Қабаттар Минералдануы,	Жер асты	Филь.	Қорғаны.						
луі гия. логия мен шө. г/л		суларының	тра. лу						
лық	гінді.		деңгейі, м	ция. дәрежесі					
индек.	лердің	_____	_____	лану					
сі	қалыңды	табиғи	ластан.	фон. лас. коэф.					
	ғы, м	жағдай	ғаннан	дық тан. фици.					
		ларда	кейін	ған. ент.					
				нан ті,					
				кейін м / т ә у					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

5 жол

07. Аэрация зонасының сипаттамасы

Мерзімі	Аэрация зонасының	Аэрация зонасының	Қабатша.	Фильтра.			
	қалыңдығы, м	геологиялық-	лардың	циялану			
		литологиялық	қалыңды.	коэффи.			
		қимасы	ғы, м	циенті,			
				м / т ә у			
	_____	_____					
Пе. Эпо. Фа. ластан. ластанған							
ри. ха сыр ғанға нан кейін							
од	дейін						
1	2	3	4	5	6	7	8

12 жол

08. Төсеніш жыныстардың сипаттамасы

Мерзімі	Литологиялық құрамы	Қалыңдығы, м
---------	---------------------	--------------

Период	Эпоха	Ғасыр		
1	2	3	4	5

3 жол

09. Негізгі ластандырғыш заттар, олардың шоғырлануы, мг/л (ШШМ)

Негізгі ластандырғыш заттардың тізімі	ҚР 3.01.067-97 СЕН.ге сәйкес ШШМ	Ластандырғыш заттардың шоғырлануы	Ағындылардың минералдануы,	
			мг/л	ШШМ
1	2	3	4	5

20 жол

010. Ластанудың қарқыны

Жалпы катандық	Перманган	Ластану түйіні	Негізгі ластан. рғыш	Ластандырғыш қарқыны	Ластану негізгі ластан. шегінің	Ластану негізгі ластан. шегінің	
ммоль/л	аттық	нің	дырушы	заттың	ШШМ өл.	дырғыш	ауытқу
	тотық.	ішін.	заттар	қауіпті.		заттың	жылдам.
	тану,	дегі	және	лік		шоғыр.	дығы
	мг/л	жер	олардың	класс		ландыру	
		асты	жер ас.			дәре.	
		сулары.	ты сула.			жесі	
		ның	рындағы				
		жылу.	мөлшері,				
		лығы,	мг/л				
		С гр					
1	2	3	4	5	6	7	8

20 жол

011. Қосымша мәліметтер

20 жол мәтін

012. Қысқаша тұжырымдар мен ұсыныстар

20 жол мәтін

013. Объект жөніндегі мәліметтердің көздері

Материал.	Материал.	Материал.	Атқару.	Хаттама.	Бекітілу	Сақталатын
дардың,	дардың,	дардың,	шы	лар рет	жылы	орны
құжат.	құжаттар.	құжаттар.		саны		
тардың	дың түсу	дың				
атаулары	көздері	мазмұны				
1	2	3	4	5	6	6

5 жол

"Қазақстан Республикасында жер асты суларының ластанған телімдерінің Мемлекеттік кадастрын жүргізу Нұсқаулығына" Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің Төрағасының 2004 жылғы 9 ақпандағы N 21-п бұйрығымен бекітілген 2-қосымша

Жер асты суларының ластану телімдерінің Мемлекеттік кадастрларының паспорттарын жасау жөнінде басшылық

1. Паспорттардың бланкісі тематикалық бөлімдерге немесе кестелерге бөлінген (әрі қарай - бөліктер деп аталады).

2. Бланктерде - форматтық және мәтіндік екі бөлік берілген. Форматтық бөлік автоматтандырылған өңдеуге арналған мәліметтерден құралған. Осы басшылықтың 6 тармағында көрсетілген, форматтық бөліктер және басшылықта келтірілген терминдерді қолдана отырып, осы басшылықтың талаптарына қатаң сәйкестікте жасалады. Мәтіндік бөлік мәліметтерді еркін түрде жазуға арналған.

3. Мәліметтерді жазуға жалпы талаптар болып келесілер табылады:

1) форматтық бөлікке енгізілетін мәліметтер басшылықта келтірілген жазу кезегімен жүргізіледі;

2) форматтық бөлікте (кестеде), бір аралықтан кейін әр жолы сызылған, мәліметтерді толтырғанда, кестенің әр көзіне тек қана бір термин немесе сан жазылады. Басқа жолға аударуға болмайды;

3) аударулар екі аралықтан кейін немесе сызылмаған кестелерде (жолдарда) ғана мүмкін;

4) мәтіндік бөліктің мәліметтер құрамы (мазмұны) сәйкес түсініктемелермен

ш е к т е л е д і ;

5) тексттік тұлғада жазу тұлғасы өз еркіндік, бірақ мәтін нақты және қысқа болуы міндетті. Жазбаның мағынасын өзгертпейтін қысқартулар жасауға рұқсат е т і л е д і ;

6) егер қажет мәліметтерді кейбір бөлікте орналастыруға мүмкіндік болмаса, онда оларды екінші (үшінші т.б.) парақтардағы сәйкес бөліктерде толтырып, оны бірінші парақтан кейін қойып бекіту керек;

7) мәліметтер жоқ болған жағдайда сәйкес көздер немесе толық бөліктер толтырылмайды. Бұл жағдайда сызу немесе мәліметтердің жоғы жөнінде жазу қ а ж е т е м е с ;

8) барлық жазбалар кіші әріппен басталып (атаулар, аббревиатуралар, символдардан) т о л т ы р ы л а д ы .

4. Паспорттың титулдық парағын рәсімдеуге талаптар:

1) Паспорттың әрбір данасының титулдық парағында міндетті түрде барлық бағандары толтырылады, қажет қолдар мен мөрлер қойылады. Бұл кезде объект жөніндегі мәліметтер паспорттың сәйкес бөлігіндегі мәліметтермен, ал паспорттың нөмірі басшылықтың 6 тармағында көрсетілген нөмірлерге сәйкес б о л у ы м і н д е т т і ;

2) титулдық парақтың екінші жағында келесі графикалық материалдар о р н а л а с а д ы :

жер асты суларының ластанған телімдерінің сызбалық гидрогеологиялық к а р т а с ы ;

гидрогеологиялық қималар.

5. Паспорттың кейбір кестелерін және бағандарын толтырудың сипаттамасы:

1) 0 2 - к е с т е :

1-баған - жер асты суларының ластану телімінің атауы қысқаша түрде б е р і л е д і ;

2-баған - ведомстволық тәуелділігі паспорт жасалған мерзіммен көрсетіледі;

2) 0 3 - к е с т е :

4-баған - ең жақын теміржол станциясынан, елді мекеннен, табиғи объектілерден, қатынас жолдарынан орналасу бағыты мен қашықтығы к ө р с е т і л е д і ;

3) 0 5 - к е с т е :

1-баған - "Басшылықтың ..." 2) тармақшаның 6-тармағына сәйкес т о л т ы р ы л а д ы ;

3-7-бағандарда - есепті жылдан кейінгі жылдың 1-қаңтарындағы жағдайдың мәліметтері к е л т і р і л е д і ;

4) 0 6 - к е с т е :

5-9-бағандарда - есепті жылдан кейінгі жылдың 1-қаңтарындағы мәліметтер

к ө р с е т і л е д і ;

10-баған - бірінші дәреже (сулы деңгей ластанудан қорғалмаған); екінші дәреже (сулы деңгей ластанудан шамалы қорғалған); үшінші дәреже (сулы деңгей ластанудан қорғалған);

5) 0 9 - к е с т е :

1, 2, 4-бағандар - 3.01.067-97 ҚР (СЕН)-ге сәйкес толтырылады;

3, 5-бағандарда - есепті жылдан кейінгі жылдың 1-қаңтарындағы мәліметтер көрсетіледі ;

6) 0 1 0 - к е с т е :

4-бағанда - ең қауіпті ластандырғыш зат келтіріледі;

5-бағанда - 3.01.067-97 ҚР (СЕН)-ге сәйкес жер асты суларының ластануының қауіптілігінің төрт (бірінші, екінші, үшінші, төртінші) топтары б ө л і н е д і ;

6-бағанда - ластану қарқыны (ШШК): А - 1-10, Б - 10-100, В - жүзден артық; жер асты суларындағы бірінші және екінші топтағы қауіпті химиялық заттар ластану қарқынын анықтағанда біріктіріледі;

7-бағанда - жер асты суларында ластандырғыш заттардың ШШМ-не қатысты ластандырғыш заттардың үш дәрежесі бөлінеді: орташа қауіпті, қауіпті, өте қауіпті ;

7) 011 жол (мәтіндік) - онда жер асты сулары ластанған телімнің маңайында суалғыштардың, тұщы жер асты суларының кенорындарының болуы, олардың атаулары; бақылау жүйесіндегі ұнғылардың техникалық ахуалы; алғашқы бағандарда көрсетілмеген жер асты суларының ластану объектілері жөнінде мәліметтер; объектіні жабу себептері көрсетіледі;

8) 012 жол (мәтіндік) - онда осы жер асты суларының ластанған телімін жою үшін атқарылған жұмыстар жайында мәліметтер; ластану түйінін толық жоюды қамтамасыз ететін шаралар және ұсыныстар көрсетіледі;

9) 013 кесте Паспортты жасағанда қолданылған мәліметтер көздері көрсетіледі .

6. Паспорттарды жасағанда міндетті түрде қолданылатын нөмірлер:

1) Облыстардың атаулары және әрбір облысқа берілген паспорттардың н ө м і р л е р і :

А қ м о л а	-	1 - 5 0 0
А қ т ө б е	-	5 0 1 - 1 0 0 0
А л м а т ы	-	1 0 0 1 - 1 5 0 0
А т ы р а у	-	1 5 0 1 - 2 0 0 0
Ш ы ғы с Қ а з а қ с т а н	-	2 0 0 1 - 2 5 0 0
Ж а м б ы л	-	2 5 0 1 - 3 0 0 0
Б а т ы с Қ а з а қ с т а н	-	3 0 0 1 - 3 5 0 0

Қарағанды	-	3 5 0 1 - 4 0 0 0
Қостанай	-	4 0 0 1 - 4 5 0 0
Қызылорда	-	4 5 0 1 - 5 0 0 0
Маңғыстау	-	5 0 0 1 - 5 5 0 0
Павлодар	-	5 5 0 1 - 6 0 0 0
Солтүстік Қазақстан	-	6 0 0 1 - 6 5 0 0
Оңтүстік Қазақстан	-	6 5 0 1 - 7 0 0 0

2) Ластандыру көздері болып табылатындар:
ағындылар (шаруашылықтық, тұрмыстық, өнеркәсіптік, шахталық, шаруашылықтық-фекалдық, ағынды сулардың сіңу алаңдары, суландыру алаңдары, пестицидтер мен тыңайтқыштар, апаттық ағызу жолдары);
тазалау құрылғылары;
тоғандар (буландырғыштар, жинақтаушылар, биотоғандар);
алаңдар (өнеркәсіптік, лайлық);
малшаруашылық кешендері (тезексақтағыштар, қалдықтарды сақтау, мал өлімдерін көму, асылтұқымдық зауыттар, тауықфабрикалары);
қалдықтарды жиынтықтау;
қатты тұрмыстық қалдықтар (қалалық жиынтықтар, жиынтықтау полигоны);
ағындар (мұнай өнімдерінің, мұнайдың, жанар-жағармай материалдарының, өсімдік майларының);
жиынтықтаушылар (шламдық, шлақтық);
күл жиынтықтары;
кендік су ағымдары;
техногендік газдану.